

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанды № 600 бүйрігіна өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 5 қарашадағы № 554 бүйрігі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қарашада № 25061 болып тіркелді

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанды № 600 бүйрігіна (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша:

– ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл;

– басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.";

33-3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"33-3. Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін ЖЖОКБҰ-ның студенттері қатарына қабылдауды ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізеді.";

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар):

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. ЖЖОКБҰ магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Магистратураға түсушілерге арналған араб тілінен түсу емтиханы және шығармашылық емтихандар ЖЖОКБҰ-да келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 13 желтоқсаннан 15 желтоқсанға дейін дейін.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ ЖЖОКБҰ резидентурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында жүргізеді. Қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 8-16 тамызы аралығында өткізіледі.

ЖЖОКБҰ докторантурасына өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Тұсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ мен бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантуралық тұсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du français), шекті балл кемінде – 50;

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйимдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парагы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);

9) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша).

4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантурасының түсінекшілігінде жүзеге асырылады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуғе арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілдегі орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуғе арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны тұсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратура мен докторантурасындағы қабылдауда келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
  - 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қантарға дейін.";

#### 14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттараты бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 60;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 498;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1  
денгей), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 денгей);

француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du français), шекті балл кемінде – 50.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өндөу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес балдармен GRE (Graduate Record Examinations

) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсү үшін КТ-дан босатылады.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өндөу және құрылым саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес балдармен GRE (Graduate Record Examinations ) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсү үшін КТ-ден босатылады.

"Бизнес және басқару" мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес балдармен GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсү үшін КТ-ден босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.";

19, 20 және 20-1-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Докторантураға түсушілер шет тілін мангерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2  
денгей), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 денгей);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzais), шекті балл кемінде – 50;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдышлық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсү емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысандарда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы үәкілдегі орган айқындаған үйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны тұсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

20. Докторантуралық түсініктердің мемлекеттік мәдениеттегі маңыздылығын көрсету.

Докторантуралың білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсү емтиханын 5-қосымшага сәйкес докторантуралың білім беру

бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантурға білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсү емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

Докторантуралық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсү емтиханы 5-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған үйымдарда өткізіледі.

Түсү емтихандарының өткізілу қүні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

"Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантуралық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсү емтиханын 5-қосымшаға сәйкес докторантуралық білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші "Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантуралық білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсү емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

20-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсү емтиханы:

- 1) эссе жазудан;
- 2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

9-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссе, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсү емтиханына 4 сағат (240 минут) беріледі, оның ішінде:

- докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуге – 50 минут;
- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Компьютерлік форматтағы түсү емтиханын бастау үшін түсушіге:

- 1) логин көрсету;
- 2) паролін көрсету;
- 3) адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;
- 4) докторантураға компьютерлік форматтағы түсү емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

- 5) тұсу емтиханы мәліметінің дұрыстығын раставу;
- 6) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін тұсу емтиханын тапсыруға кірісу керек.

Тұсу емтиханы аяқталған соң тұсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары өзі таңдаған ЖЖКОБҰ-ға өндөу және бағалау үшін жіберіледі. Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша тұсушінің жауаптарын ҰТО өндейді.

Компьютерлік форматтағы тұсу емтиханының нәтижесі тұсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

Тұсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша тұсушіге ҰТО-ның сайтында жарияланатын және тұсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Докторантуралық форматтағы тұсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады.

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін тұсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін тұсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.";

20-5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20-5. Күнтізбелік жылғы 4 мен 20 тамыз аралығында өткізілген докторантуралық форматтағы тұсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО тұсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады.

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген докторантуралық форматтағы тұсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО тұсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады

Тұсу емтиханында тұсушілердің осы Қағидалардың 20-3 және 20-4-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда ҰТО Докторантуралық форматтағы тұсу емтиханына барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны туралы акт жасайды және растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Докторантуралық форматтағы тұсу емтиханы барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны туралы акт және растайтын материалдар білім беру саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен тұсу емтихандарының сертификаттары білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Тұсу емтиханының сертификаты жойылғаннан кейін ЖЖОКБҰ тұсушіге хабарлама жібереді.";

26-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Докторантураға, резидентураға, магистратураға тұсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер докторантураға тұсу емтихандары, шығармашылық емтихандар және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Докторантураға компьютерлік форматтағы тұсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ден 13.40-ға дейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

Апелляцияға кіру барысында осы Қағидаларға 20-3 және 20-4-тар мақтарда көрсетілген тыйым салынған заттарды қолдануға рұқсат берілмейді.

Докторантураға тұсуші тұлғалардан докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себеп бойынша апелляцияны Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.

Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті тұсуші тұсу емтиханы өткізу барысында береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға компьютерлік форматтағы тұсу емтиханы нәтижесі бойынша апелляцияға 40 минут беріледі, оның ішінде:

- докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша – 10 минут;
- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазу бөлімі бойынша – 30 минут.

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

- 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);
- 2) дұрыс жауап жоқ;
- 3) барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі));
- 4) тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде түсуші дәлелді негізdemenі (толық түсініктеме) көрсетеді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негізdemenі көрсетпей (толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілсе, қарастыруға жатпайды.

Эссе жазудан және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар нәтижесі бойынша апелляцияны ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өткізеді.";

30-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"30. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шекіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шекіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шекіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7-

қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс.

Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау араб тілі бойынша тұсу емтихандарының және КТ нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Магистратураға тұсушілер ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Тұлғаларды резидентураға қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тұсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тұсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.";

Улгілік қағидаларға 1-1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекші ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрінің  
міндеттін атқаруышы  
2021 жылғы 5 қарашадағы  
№ 554 бұйрығына  
қосымша

Жоғары оқу орнынан  
кейінгі білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру үйимдарына оқуға  
қабылдаудың үлгілік  
қағидаларына  
1-1-қосымша

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарына күжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдары (ЖЖОКБҰ) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсітін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге күжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: магистратурага – құнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында; докторантурага – құнтізбелік жылғы 26 қарашадан 10 қантарға дейін.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша қүжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және құнтізбелік жылдың 28 тамызына қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша конкурсстық іріктеуден өткендерге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық шығару болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық қүжат нысанында білім беру үйимина қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	
7. Жұмыс кестесі	<p>Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға д е й і н .</p> <p>Портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Министрліктің интернет-ресурсында: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a>;</li> <li>2) порталда: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> орналастырылған.</li> </ol>
	<p>1. Магистратураға немесе резидентураға түсуші тұлғалар: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған к е з д е :</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті;</li> <li>2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);</li> <li>3) интернатураны бітіргені туралы куәлік (резидентураға тусу үшін);</li> <li>4) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қ а ж е т ) ;</li> <li>5) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;</li> <li>6) № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; Белгілі бір аумакта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық а н ы қ т а м а ү с и н а д ы .</li> <li>7) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0; TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 6 0 ; TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 4 9 8 ; неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі); француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du français), шекті балл кемінде – 50 (бар болған жағдайда);</li> <li>8) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);</li> <li>9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған ж а ғ д а й д а ) .</li> </ol> <p>Осы тармактың 3), 7) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетіletін қызметті алушыға қайтарылады.</p>

Осы тармакта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды. портал арқылы өтініш жасаған кезде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
- 2) жоғары білім туралы электрондық құжат;
- 3) интернатураны бітіргені туралы электрондық күәлік (резидентурага түсіу үшін);
- 4) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0; TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 60; TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 498; неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі); француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du français), шекті балл кемінде – 50 (бар болған жағдайда);
- 5) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 6) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;
- 7) № КР ДСМ-175/2020 бүйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық анықтама үсінады.
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы күәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

2. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:

- 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде үпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5; TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46; TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;
- TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Programm), шекті балл – кемінде 460; неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі); француз тілі: TFI (Test de Francais International<sup>TM</sup>) – оқу және тындау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du francais), шекті балл кемінде – 50;

5) № КР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, әссе және басқа құжаттар);

9) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша).

Осы тармақтың 4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Осы тармакта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды. портал арқылы отініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысандагы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген Жоспарланған диссертациялық зерттеу негіздемесінің электрондық құжат;

3) білімі туралы электрондық құжат;

4) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5; TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460; неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі); француз тілі: TFI (Test de Francais International<sup>TM</sup>) – оқу және тындау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du francais), шекті балл кемінде – 50;

5) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;

	<p>6) № КР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйимдарына медициналық анықтама</p> <p style="text-align: right;">ұ с ы на д ы .</p> <p>7) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);</p> <p>8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, әссе және басқа құжаттар). Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін тольық емес құжаттар топтамасын ұсынған;</li> <li>3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.</li> </ol>
10.	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут (практиканы ескере отырып). Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналасырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p>